

Жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімдігінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 54/02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 қаңтарда № 4581 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімдігінің 2019 жылғы 6 ақпандағы № 6/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімдігінің 06.02.2019 № 6/01 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына сәйкес, Шахтинск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік нысанына және меншіктің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарға жұмыс орындары квотасы белгіленсін:

1) 1–қосымшаға сәйкес ата-анасынан айырылған немесе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын азаматтар үшін қызметкерлердің тізімдік санынан 1 пайыз мөлшерде;

2) 2–қосымшаға сәйкес бас бостандығының айыру орындарынан босатылған адамдар үшін қызметкерлердің тізімдік санынан 1 пайыз мөлшерде;

3) 3–қосымшаға сәйкес қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметі есебінде тұрған адамдар үшін қызметкерлердің тізімдік санынан 1 пайыз мөлшерде.

2. Шахтинск қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 40/02 "Жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4058 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2017 жылғы 10 қаңтарда, 2016 жылғы 30 желтоқсанда № 52 "Шахтинский вестник" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары К.К. Тлеубергеновке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

С. Аймаков

Ата-анасынан айырылған немесе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын азаматтар үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін ұйымдардың тізімі

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Ата-анасынан айырылған немесе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын азаматтар үшін жұмыс орындарының саны
1	"Апрель-Кулагер" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	215	1	2
2	"Шахтинскводоканал" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	209	1	2
3	"Шахтинсктеплоэнерго" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	389	1	3
4	"Шахтинск қаласының орталық ауруханасы" Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын	364	1	3
5	"Шахтинск қаласының емханасы" Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын	397	1	3
6	"Шахтинск қаласы әкімдігінің №1 Гимназиясы" Коммуналдық мемлекеттік мекеме	111	1	1
7	"Шахтинск қаласы әкімдігінің №5 Гимназиясы" Коммуналдық мемлекеттік мекеме	105	1	1
8	"Шахтинск қаласы әкімдігінің №6 жалпы білім беру мектебі" Коммуналдық мемлекеттік мекеме	114	1	1
9	"Шахтинск қаласы әкімдігінің Әлихан Букейханов атындағы мектеп-лицейі" Коммуналдық мемлекеттік мекеме	117	1	1

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін ұйымдардың тізімі

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1	"Апрель-Кулагер" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	215	1	2
2	"Шахтинскводоканал" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	209	1	2
3	"Шахтинсктеплоэнерго" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	389	1	3
4	"Шахтинск қаласының орталық ауруханасы" Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын	364	1	3
5	"Шахтинск қаласының емханасы" Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын	397	1	3

Қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметі есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін ұйымдардың тізімі

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Қылмыстық-атқару жүйесінің пробация қызметі есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1	"Апрель-Кулагер" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	215	1	2
2	"Шахтинскводоканал" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	209	1	2
3	"Шахтинсктеплоэнерго" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	389	1	3

4	"Шахтинск қаласының орталық ауруханасы" Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын	364	1	3
5	"Шахтинск қаласының емханасы" Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын	397	1	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК